

VII-IX ФАСЫР ТҮРКІ ЖАЗБАЛАРЫНДАҒЫ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

В этой статье рассматриваются топонимические названия встречающиеся в древнетюркских памятниках VII-IX веков.

Bu makalede, VII-IX. yüzyillara ait Türk yazıtlarında yer alanlardan söz edilir.

Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тілінде тілдік бірліктердің негізгі тобын топонимдер құрайды. Көне түркі жазба ескерткіштері тіліндегі жер-су атаулары көне түркілердің тілі мен этникалық мәдениетінің құрамдас бөлігі болғандықтан жалпы адамзат әлеміндегі түркі болмысының көрсеткіші ретінде қарастырылады. Көне түркілердің дүниетанымына, бейнелі ойлау жүйесіне орай жер бедеріне, климаттық жағдайға, тарихи оқиғаларға, аңыздар мен мифтерге, сол жерлерде өсетін өсімдіктерге немесе сол жерлерді мекен ететін жан-жануарлар мен жәндіктерге, аңдар мен құстарға байланысты, басқа да экстралингвистикалық факторларға қатысты қалыштасқан географиялық атаулар әрбір нысаның басты қасиеті мен сипатын көрсететін лингвистикалық бірлік. Табиғатпен етene араласып, көшпенді өмір салғын кешкен көне түркілердің қазіргі ұрпақтарының бірі – қазақ халқының жер-суга ат берудегі ерекше шеберлігі де ата-бабаларынан қалған дәстүр жалғастырының көрінісі. Бұл жөнінде белгілі қазақ ономастары Т.Жанұзақ пен Қ.Рысберген «Жалпы қазақ ат қойып, айдар тағуға шебер халық болған, ат қою процесіне башпен, байышпен қараш қорғаштаған. Оңдаған ғасырлар бойы қалыштасқан топонимдік жүйеде шексіз даладагы тіршілік көзі – жер-суга ат қойғанда, ең алдымен практикалық мақсаттағы уәжі, бағдар-ориентир қызметі негіз болса, екінші жағынан, қарапайым қазақтың қиял ұшқырлығына, асқан жоғары поэтикалық қабілеті мен эстетикалық талғамына тәнні боласыз» деген ой айтады. Қазіргі түркі тілдеріндегі жер-су атауларының этно-мәдени астарын ашу семантикалық уәжін, этимологиялық негізін, сөзжасамдық құрылымын, қалыштасу, даму жолдарын зерттеу ең алдымен жалпытүркілік топожүйедегі көне қабаттардың сыр-сипатын айқындаш алушы қажет етеді.

Қазіргі түркі халықтарының топонимдерінің көне қабатын құрайтын бірліктерді жинақтап, жүйелуе, лингвистикалық талдау жасау халық жадында сақталған ауыз әдебиеті үлгілеріндегі және бізге жеткен ең көне түркі жазба мұралары тіліндегі жер-су атауларына негізделеді. Түркі өркениетінің тенденсі жоқ құндылығы болыш табылатын Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері мәтіндерінде бірнеше елді мекен, тау, орман, өзен-көл атаулары сақталған. Зерттеушілер осы кезге дейін оқылған VII-IX ғасыр түркі мұралары - Орхон, Енисей, Талас-Шу жазбаларында елуден аса географиялық атаулар кездесетінін көрсетеді. Әрине, әлі оқылмаған немесе оқылуында пікір қайшылығы кездесетін көне мәтіндерді зерттеу мәселесінің

## **Байымбетова Р. VII-IX ғасыр түркі жазбаларындағы жер-су...**

толық шешімі табылған жағдайда көне түркілер қолданған географиялық атаулар саны да әлдекайда толыға түсері анық. VII-IX ғасыр түркі жазба ескерткіштері тіліндегі сақталған топонимдер көне түркілер дүниетанымы мен мәдениетін көрсететін, түркілердің дара болмысын айқындастын лингвистикалық дерек болыш табылады. Түркі жазбаларында кездесетін жер-су атауларының қазіргі қазақ топожүйесінде өзгеріссіз, сол күйінде және бір ғана нысаннның аты ретінде қолданылатындары өте сирек. Сондай атаулардың бірі *Ertis* гидронимі. Ертіс өзенің атауы ескерткіштер мәтінінде бірнеше рет өте ұшырасады, мысалы: Құлтегін жазбасында *Ertis ügüzü keče joridim* (КТұ. 37); «Ертіс өзенін кепе жүрдім», Тоникуқ жазбасында *Ertis ügüziüg keče keltimiz* (Тон. 37,38); «Ертіс өзенін өте келдік»; *Ertis ügüziüg kečigsiz kezdimiz* (Тон. 35) «Ертіс өзенінен өткелсіз өттік». Көне түркі тіліндегі *Ertis* гидронимінің қазақ тілі гидронимдер жүйесінде өзгеріссіз сақталуын өзеннің қазіргі Қазақстан аумағынан өтуіне байланысты ғана емес, қазіргі қазақ тілінің ерекшеліктерін сақтаған көне түркі тайпаларының, яғни қазақ халқының тікелей ата-бабаларының сол дәуірде-ақ Ертіс өзенің жағалауын бойлай қоныстануымен де түсіндіруге болады. Бұл түркі тайпаларына қатысты айтылатын миграциялық процестер жайлы көзқарастардың жаңсақтығын көрсетеді. *Ertis* лексемасының этимологиясы жайлы да бірізді шікір жоқ, көшілік зерттеушілердің көзқарастары өзен атауының қалыштасуы біздің заманымызға дейінгі орал-алтай тіл бірлестігі кезеңінен бастау алады дегенге саяды.

*Temir qarığ, Teriz* т.б. тәрізді топонимдер де қазақ тіліне өзгеріссіз жеткен атаулар қатарында жатады. *Temir қақпа* Батыс Қазақстандағы жер атауы. Қазақ тілі топонимдер жүйесінде құрамында *temir* лексемасы бар басқа да жер-су атаулары кездеседі: *Temirtau* Оргалық Қазақстандағы Самарқант су қоймасының маңындағы кенпплер қаласының атауы. *Teniz* Ақмола облысы Қорғалжын аймағындағы аңы көл. Көне түркі жазба мұралары тілінде жиі кездесетін жер-су атаулары қатарында *Toğu baliq, Besbalıq, Böklı, Bolçı, Ezgent qadız, Bajırqu, Bırga, Bes keçen, Bukegük, Birkü, Jabiş tokuş, jarış jazı, Jogro, Qara bulaq, Qara Jota, Kejre, Kergün, Keriň Tarman, Kögür, Keçim, Keşdim, Altun kapar, Tüpker Sakış, Şokak* т.б. ойконимдерді, *Altun, Beşlugek, Kögtene, Ötukeň, Çugaj* сияқты оронимдерді, *Aqtermel, Anı, Edük Qatun, Jar ügüz, Jipşy, Jaşıl, Idil, Toyla*, *Kök öríg, Kem* тәрізді гидронимдерді атауға болады. Мұндай топонимдердің біразы қазір қолданылмайтын көне атаулар болса, бір бөлігі қазір де қолданылатын, бірақ басташқы мән-мағынасы көмексілентен атаулар, енді бір тобы дыбыстық, морфологиялық, семантикалық заңдылықтар арқылы қазіргі атауларын анықтауға болатын топонимдер. Орхон-Енисей ескерткіштері тіліндегі атаулардың басым бөлігі қазіргі Қазақстан аумағындағы нысан атауларымен тұлғалық жағынан толық сәйкес келмегендімен сөзжасамдық жүйесі, атальнымдық уәжі жағынан сабактастығы айқын аңғарылады.

Ескергіштер тілінде түртүске қатысты лексемалар арқылы жасалған атаулар өте жиі кездеседі. Мысалы, *Qaraköł: Qara költe süjüsdimiz* (КТұ. 42) «Қаралада біз соғыстық», *Qara jota: Qara jotaliqin keçip kelutı* «через Кара Йота пришли они»; *Qara bulaq: begig Qara bulaqıy anı olurmüs* «беги жили там на Кара Булаке». Зерттеуші Е.Керімбаевтың анықтауышта, Қазақстан аумағындағы тек оронимдердің жиырма пайызы түртүсті білдіретін сын есімдерден тұрады.

Жалшы түркі ономастикасында түртүске қатысты лексемалар ерекше орын алады. Мұндай атаулар кей жағдайда географиялық нысанның табиги түсіне қатысты болса, кей жағдайда түртүсті білдіретін сөздердің сакральды мәніне байланысты да қалыптасады. Түртүс гаммаларын білдіретін сөздер де көңістік пен уақытты танудың тілдік бірліктеріне жатады. Түркі дүниесінің тілдік бейнесін мәдени-тілдік феномен түрғысынан қарастыраған профессор Ш.Қ.Жарқынбекова түртүсті білдіретін сөздердің көңістік пен уақытты танытудағы ерекшеліктері жайлы «Преобладание чувственных восприятий приводить к ценностному осознанию мира и всех его свойств, в том числе пространственно-временных (красный цвет – это цвет конца лета, белый – ранняя весна, черный – цвет середины зимы, желтый – цвет лета и осени, пастбищ и степей, полных летней жизни), что нашло отражение в языке и активно употребляется в современный период» дей отырыш, қазақ тіліндегі уақыт аралығын бейнелейтін мазмұн жинақтаған түртүске қатысты лексемаларға *коңыр күз, сары күз, кара күз, кара өзек шақ, қас қарайды* т.б. тәрізді мысалдар келтіреді. Түркілер дүниетанымы бойынша *ақ* лексемасы күн шығысты, оңтүстікті білдірумен қатар барлық жақсылықтың символын белгілейді. Орхон ескергіштері тілінде *Aqtermel* атты гидроним қолданылады: *Aqtermel keče oytqaqlatdim* «Ақтермелді өте бұйырдым» (Тон. 25). Қоңе түркілер Ақтермелатаған өзен қазіргі Монголия аумағындағы Хуа-Кем өзені. Гидронимнің екінші компоненті *termel* сөзінің мағынасы белгісіз, қоңе түркі тілінде *ter(a)* «долина, низина» лексемасы тіркелген. Аталған сөздің «ойшат» мағынасы жалшы түркілік *ter(äп) / ter(eп)* «глубокий» сын есімімен «төмендік» семасы бойынша ортақ мазмұн құрайды. *Ақ* сын есімі арқылы жасалған жер-су атаулары қазақ топожүйесінде де өте жиі ұшырасады: *Aқмола* Астана қаласының бүрінгі атауы; *Ақасық* Орталық Қазақстандағы тау; *Ақбас* Баянауыл өніріндегі сай; *Ақиық* Алматы облысындағы елді мекен; *Ақсүмбे* Қаратудың бауырындағы қала; *Ақсу* Балқаш көліне құятын өзен атауы т.б. Түртүсті білдіретін сөздер түркі халықтарының дүниетанымына байланысты көшқырлылығымен еркшеленеді. Соған орай діни-мифологиялық, когамдық-әлеуметтік, табигат концептілерінің де тілдік репрезентанттары қызметтерін атқара береді. Мысалы қазақ тіліндегі *ақсақал, ақ келін, ақ бөпе, ақ босага, ақ бесік, ақ отау, ақ өлім*, табиги құбылыстарға қатысты *ақжаяуыш, ақ боран* т.б.

## **Байымбетова Р. VII-IX ғасыр түркі жазбаларындағы жер-су...**

Ескерткіштер тілі мен қазіргі қазақ тілінде мазмұндық-тұлғалық жағынан сәйкес келетін топонимдердің бірі - *Qara qum: Qara qum asmis Kögurde Kómür tayda jar ödüzde üç tuylıy bodınqa* «я пересек Кара-Кумы и Когюра и возле горы Көтюр и реки Яр трехзначенному тюркскому народу» (МЧ. I, II, III). Қазақ тілі топонимдер жүйесіндегі *Қарақұм* Араг төңізінің солтүстік-шығыс жағалауындағы құмды дала. Қазіргі Түркіменстан мемлекетінің аумағында да *Гарагұм* атты құмды дала бар, оғыз тобында қашыптасқан тілдік дәстүр бойынша қатаң құбысы ұяң ғұбысымен айтылады.

Тұр-түсті білдіретін *qara* сезінің қазақ топожүйесінде де кеңінен қолданылатыны белгілі: *Қарақыр* Онтүстік Қазақстандағы елді мекен; *Қараой* Алматы, Қарағанды облыстарындағы жердің аты; *Қарасор* Қарағанды облысындағы көл атауы; *Қаратай* Жетісудағы тау, Маңғыстау аймағындағы жота аты; *Қаратал* Алматы облысындағы өзен; *Қараауыл* Шығыс Қазақстандағы өзен және елді мекен атауы. Қазақ дүние танымы бойынша *қара* лексемасының түрттүстен басқа «қасиетті, ұлы» мағыналары да қолданылатыны белгілі: *қара шанақрақ* т.б. *Қара* сезінің сакральды-бейнелі мәні жер-су атауларына да арқау болғанын байқаймыз, мысалы: *Қарабалық* Солтүстік Қазақстандағы елді мекен. Зерттеушілер онимнің құрамындағы *қара* сезі тұр-түске қатысты емес, «ұлken, ірі, зор» мәнінде қолданылғанын, ал екінші сыңары «қала» мәніндегі көнетүркілік *bašq* сезі екенін айтады. *Қара теніз*, *Қаратай*, *Қара Ергіс* атауларының құрамындағы *қара* сын есімі де осы мәнді береді.

Қорыта айтқанда, ескерткіштер тіліндегі топонимикалық атаулар сақташ қалған мағлұматты таратып, аталымның тарихи-тілдік факторларын, семантикалық уәжін бүгінгі үршак санасына сіциру қазіргі түркі халықтарының ұлттық санасын жаңғыртуға ықпал ететін рухани-тәрбиелік мәні бар өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Ескебаева М.Қ. Көне түркі және қазіргі қыпшақ тілдерінің моносиллабтық негізі. - Алматы: Арыс, 2007.
2. Айдаров Ф. Құлтегін ескерткіші. -Алматы: Ана тілі, 1995.
3. Айдаров Ф. Тоникуқ ескерткішінің (VIII ғасыр) тілі.-Алматы: Қазақстан, 2000.
4. Сартқожа Қ. Орхон мұралары. -Астана:Құлтегін, 2003.
5. Керимбаев Е.А. Лексико-семантическая типология оронимия Казахстана: Автореф. дис.... канд. филол. наук. -Алма-Ата, 1988.
6. Жарқынбекова Ш.Қ. Тюркская языковая картина мира: осмысление культурно-языковых феноменов // Еуразияшылдық идеясы контекстіндегі Қазақстан түркітануы: мәселелері мен болашағы. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдарының жинағы. -Астана: IC-Сервис, 2009.

### **REZUME**

R.BAYIMBETOVA (Turkistan)  
NAMES OF PLACES IN TURKIC WRITINGS IN VII-IX CENTURIES

This article tells about names of places in Turkic writings in VII-IX centuries.